

ЕРЛЕР ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАРАҚАТТАРЫ



Орындаған: Тулегенов С.Т

Тобы: ЖМ 13-009-2

Тексерген: Құтбергенов Б.О

Алматы 2016


ТАРАЛУЫ

- Жыныс мүшелерінің жарақаттары әйелдерге қарағанда ерлерде әлде қайда жоғары кездеседі. Бұл тек анатомиялық ерекшелігіне ғана байланысты емес, сондай-ақ ерлер тарапынан ауыр күш қолдану, активті спорт түрлерімен айналысу және автомобиль апаттарының жоғары жиілікте кездесуі жатады.



ЕРЛЕР ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАРАҚАТТАРЫ:

- Сыртқы жыныс мүшесі
- Ұма



СЫРТҚЫ ЖЫНЫС МҮШЕСІ ЖАРАҚАТЫ

- Сыртқы жыныс мүшесінің жарақаты, барлық медициналық көмектің 2,2% құрайды. Жыныс мүшесінің жарақаты 15 пен 40 жас аралығында көбірек кездеседі. Жарақаттардың 80% - жабық зақымдалулар, ал 20% - ашық зақымдалулар.
- Жыныс мүшесінің жабық жарақаты көбіне бір жақты болып келеді, тек 1% жағдайда екі жақты көрініс табады. Бірақ-та ашық жарақаттың 30% екі жақты зақымдалуды көрсетеді.
- Жыныс мүшесінің жабық жарақаттары – жыныс мүшесінің тері асты зақымдалулары, оларға жыныс мүшесі жүгеншігінің ажырауы не жыртылуы, ақ қабықтың ажырауы, жыныс мүшесінің соғылуы, сынуы, шығуы, қысылуы жатады.

ЖЫНЫС МҮШЕСІ ЖҮГЕНШІГІНІҢ АЖЫРАУЫ НЕ ЖЫРТЫЛУЫ

- Жыныс мүшесі жүгеншігінің ажырауы не жыртылуы – жүгеншігі қысқа еркектерде, жыныстық қатынас кезінде кездеседі. Ол ауырсыну сезімі мен қан кетуді туындатып, кейде оперативтік ем қолдануға тура келеді.



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ СОҒЫЛУЫ

- Жыныс мүшесінің соғылуы, ұрылуы кездерінде – ақ қабықтың ажырауы туындайды. Бұл кезде кавернозды денешіктер зақымдалмайды, бірақ уретраның зақымдалуы мүмкін. Соғылу кезі жыныс мүшесінің ауырсынуымен, тері және тері асты тіндеріне ауқымды қан кетумен, оның көлемінің ұлғаюымен, ісіктермен, қанды ісіктермен (гематома) сипатталады. Емдік шараларға суық басу, тыныштық жағдай, антибактериалді терапия, эрекцияны болдыртпайтын дәрілік заттар қолданылады.



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ СЫНУЫНА

- Жыныс мүшесінің сынуына – ақ қабықтың және кеуекті денелердің зақымдалуы тән. «Сыну» эрегирленген жыныс мүшесінің майысуында, көбіне зорлықты жыныс қатынасы кезінде туындайды.





ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ ШЫҒУЫ

- Жыныс мүшесінің шығуы, оның сынуына қарағанда әлде қайда сирек кездеседі. Бұл зақымдалулардың механизмі ұқсас, яғни эрегирленген жыныс мүшесіне әсер ету. Жыныс мүшесінің шығуы кезінде, кеуекті денелер мен шат сүйектерін және жыныс мүшесін қасаға симфизіне фиксациялаушы байламдармен байланыстырушы тығыз тартпалардың ажырауы туындайды. Жыныс мүшесінің кеуекті денелері бұттың, санның, қасаға сүйек аймағының және ұманың терілерінің астына жылжиды (жыныс мүшесі бос қап ретінде сезіледі).



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ ҚЫСЫЛУЫ

- Жыныс мүшесінің өзіндік зақымдалуының бір түрі болып, оның қысылуы жатады. Бұндай зақымдалу, жыныс мүшесін жіппен, сыммен, баумен тартқанда, оған сақина тәрізді заттарды кигізген кезде байқалады. Балаларда бұл жағдайлар тентектіктің әсерінен болса, ересектерде онанизм нәтижесі немесе несеп ұсталмауын тоқтату не эрекцияны ұзаққа дейін ұстау мақсатында жасалған әрекеттерден кейін орын алады.



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ АШЫҚ ЖАРАҚАТТАРЫ

- Жыныс мүшесінің ашық жарақаттары - зақым келтіруші заттардың әсерінен, жануарлардың залал келтіруінен (жылқылар, иттер, сиырлар және т.б) туындайды. Өткір зат жарақаттарында, кавернозды денелердің зақымдалуы байқалады, және ауқымды қан ағу көрінісі орын алады. Бұл кезде, жыныс мүшесінің жартылай не толықтай ампутациясы жиі кездеседі.



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ КҮЙІК КЕЗІНДЕГІ ЖАРАҚАТЫ



ЖЫНЫС МҮШЕСІНІҢ КҮЙІКТЕН КЕЙІНГІ АМПУТАЦИЯСЫ




ҰМАНЫҢ ЖАРАҚАТТАРЫ

- Ұманың жарақаттары көп жағдайда, оның басылуымен не қысылуымен, кейде, өте сирек кездесетіні оқ қарудан жарақаттанумен кездеседі. Шектелген ұма жарақаттары қоссырықта шынығу кезінде, велосипед рамасына не орындығына ұрып алғанда, және де басқа да активті спорт түрлерімен айналысқанда туындауы мүмкін.



ҰМАНЫҢ ЖАБЫҚ ЖАРАҚАТТАРЫ

- Ұманың жабық жарақаттары гематоманың туындауымен сипатталады. Гематома ауқымды көлемде болуы мүмкін, ол ұманың көлемінің үлкеюіне, тері қабатының тегістелуіне, қысылудан туындайтын мезеттік ауыру сезіміне алып келеді.



ҰМАНЫҢ АШЫҚ ЖАРАҚАТЫ

- Ұманың ашық жарақаты – терінің қосымша зақымдалуына алып келеді. Олар әр түрлі тереңдікте, көлемде болуы мүмкін. Ол зақымдалулар терең емес, кіші жарақат ретінде көрінуі мүмкін, ал кейде керісінше ұманың барлық аймағын алуы мүмкін, және де ұманың толықтай ампутациясына алып келуі мүмкін. Терең жатқан жарақаттар ата безін жалаңаштайды, ол кезде оны алып тастауға тура келеді.
- Ата без жарақаттары науқастың жалпы жағдайын нашарлатады. Көп жағдайда науқас өлімін шақыра алатын, ауырсынулық шокқа алып келеді.



ОҚ ҚАРУДАН ЖАРАҚАТТАНУ

- Оқ қарудан жарақаттану, ұманың бөлек категориялы жарақаттарына жатады. Көп жағдайда бұндай жарақаттар ата безді толықтай зақымдайды, ата безінің функциясының қайтымсыз бұзылысына алып келеді. Бұл кезде ата безін алып тастап, жарақатталған жерді тігіп тастайды. Бұндай жарақаттар еркектік бедеулікке алып келеді



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

